«Бекітемін»

Мектеп директоры: Л.Илимшаева

**«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің» кмм**

**Ерте жүктіліктің алдын -алу бойынша атқарылған жұмыстардың жылдық жоспары.**

**2021-2022 оқу жылы**

| р/с | Іс-шаралар мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | «Ерте жастағы жүктіліктің алдын алу»<br>Ерте жүктіліктің қауіп-қатері. | Қыркүйек, қазан | Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова<br>Медбике Г.Досбаева |
| 2 | «Ерте жүктіліктің зардабы»<br>«Репродуктивті денсаулық» | Қараша, желтоқсан, қаңтар | Қыздар кеңесінің төрайымыМ.Сатымбекова<br>Медбике Г.Досбаева |
| 3 | Ерте жыныстық қарым-қатынасқа түсудің зияны<br>«Тазалық денсаулық кепілі»<br>«Буллинг пен зорлық-зомбылықтың алдын алу» | Ақпан,наурыз, | Мектеп медбикесі Г.Досбаева<br>Қыздар кеңесі төрайымы М.Сатымбекова<br>Мектеп психологі Ф.Еспулганова |
| 4 | Жас өспірім қыздарды ерте жүктілікке бой алдырмау<br>Ерте жастағы жүктілік салдары<br>Қыздар мен сұрақ жауаптар өткізу | Қаңтар,сәуір | ДТІЖО<br>Қыздар кеңесінің төрайымыМ.Сатымбекова<br>Медбике Г.Досбаева<br>Мектеп психологы Ф.Еспулганова |
| 5 | Мектеп кезінде қызбаланың гигиенаға сай таза жүруі.<br>Ерте жүктіліктің алдын- алу және оның қызбаланың денсаулығына кері әсері<br>«Қызың үйде қылығы түзде» | Ақпан,мамыр | Қыздар кеңесі төрайымы М.Сатымбекова<br>Мектеп психологы Ф.Еспулганова<br>Медбике Г.Досбаева |

**Қыздар кеңесінің төрайымы: М.Сатымбекова**

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналыстың

## ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күн:27.09.2021ж
Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:
1.Ерте жастағы жүктіліктің алдын алу.
2.Ерте эүктіліктің қауіп-қатері.

Тыңдалды;

Қыздар жиналысының төрайымы М.Сатымбекова жиналыстың мақсатымен таныстырып жиналысты ашты. Жастарға дұрыс бағыт бағдар беру және ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында өткізілген жиналыстың күн тәртібімен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Г.Досбаева сөзге шығып ерте жүктілік деп13—19 жаста болған жүктілікті айтады. Бұл кезде қыз балада бойжеткен кезеңі- гормоналды ауысу кезеңі басталады. Ерте жыныстық қатынасқа түсу жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын бұзады. Қыз бала, қыз, әйел, қыз бұл бір ғана адам өткеретін әртүрлі кезең. Ол әрбір кезеңде қуанышпен де қайғымен де түрлі дерттермен де бетпе бет кездеседі. Дені сау ұрпақты әкелу үшін де қызбаланың репродуктивті денсаулығы жас ерекшелігі өте маңызды екенін түсінуіміз қажет екендігін қыздарға түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша мектеп қыздар төрайымы М.Сатымбекова»ерте жүктіліктің қауіп-қатері» өте зор және оның жауапкершілігі мол іс екендігін тілге тиек етті. Жасөспірімдер бір ғана шалыс басқан істің артында үлкен қауіп-қатер бар екенін біле бермейді деп түсіндірді.

Қаулы етеді:

Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, қыздар төрайымы қыздармен байланысып, жұмыстар жүргізілсін.

Қыздар кеңесі төрайымы: М.Сатымбекова

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күн:13.10.2021ж
Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:
1. Ерте жүктіліктің алдын алу.
2. Ерте жүктіліктің қауіп-қатері.

Тыңдалды:
Бірінші мәселе бойынша қыздар жиналысының төрайымы М.Сатымбекова жиналыстың бүгінгі тақырыбымен таныстырып өтті. Жалпы мектебіміздің қыздарына қыз балаға тән сұлулықты ,әдептілікті айтып өтті. Сонымен бірге қыздар жиналысының төрайымы М.Сатымбекова өз сөзінде «Ерте жүктіліктен сақтану жолдары» тақырыбында баяндама жасап, ондай жағдайдың жас ағзаға зияны мен жалпы қыз бала психологиясына тигізетін әсері, салдары мен болдырмау жолдары туралы айтып берді.
Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова «» тақырыбында түсінік жұмыстарын жүргізіп, баяндама жасады. Ерте жүктіліктің қауіп-қатері тақырыбында сөз қозғады.

Қаулы етеді:

1.Ерте жүктіліктен сақтану жолдарының алдын алу бағытындағы шаралар уақытылы жүргізіліп отырсын.
2.Ерте жүктіліктің алдын алу шаралары қолға алынсын.

Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналысының

# ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 23.11.2021ж
Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. «Ерте жүктіліктің зардабы»
2. «Репродуктивті денсаулық»

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Г.Досбаева дайындаған баяндамасын қыздарға ашып «Ерте жүктіліктің зардабымен» таныстырды. Ерте жүктіліктің зардабы бүгінгі күннің өзекті тақырыптырының бірі. Қыздарды тәртіпке шақырып ұқыпты жүруге түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қыздарда өз ойларын айтып ашық жеткізді. Салауатты өмір салтын қалыптастырып білімге тәрбиеге көңіл аудару басты мақсат екенін айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Г.Досбаева өз сөзінде репродуктивті денсаулыққа әсер ететін факторлар болып зиянды заттар жұқпалы аурулар репродуктивті денсаулыққа әсер ететінін айтып өтті.

Қаулы етеді:

1.Денсаулыққа назар аударылсын
2. Өз денсаулығымызды сақтай білейік

Қыздар кеңесінің төрайымы: М.Сатымбекова
Хатшы: А.Тоғысбай

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналыстың

# ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күн:14.12.2021ж
Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

3. Ерте жүктіліктің зардабы
4. Репродуктивті денсаулық.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қыздар жиналысының төрайымы М.Сатымбекова жиналыстың бүгінгі тақырыбымен таныстырып өтті. Ерте жүктілік – кәмелет жасқа толмаған қыз баланың жүкті болуы. Ол адамның психологиясына, физиологиясына кері әсерін тигізетіндіктен, алдын алу шараларын барынша қолға алып, дұрыс ақпараттандыру жұмыстарын қаркынды жүргізу керек деп есептеймін. Оған алып келетін алғашқы себеп – отбасыда қыз балаға жыныстық тәрбиенің дұрыс берілмеуі. Қазақ отбасыларында көбінесе жыныстық қатынас пен жыныстық тәрбиенің ара-жігін дұрыс айыра білмейді. Ата-аналарға осы турасында айта бастасаң, сөзінді толық тыңдауға құлық танытпайды. Бұл – дұрыс емес. Ешқашан жыныстық тәрбиені жыныстық қатынаспен шатастырауға болмайтындығы жөнінде айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша мектеп мендбикесі Г.Досбаева «Репродуктивті денсаулық» тақырыбында оқушы қыздарға кеңес беріп айтып өтті. Репродуктивті денсаулықтың негізі балалық және жасөспірімдік шақта қаланады. Репродуктивті денсаулықтың бұзылуының қалыптасуына гинекологиялық патологияның отбасылық тарихы, қанағаттанарлықсыз өмір сүру жағдайлары, темекі шегу, қолайсыз антенатальды анамнез әсер етеді деп түсіндірді.

Қыздар кеңесінің төрайымы: М.Сатымбекова

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналысының

## ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 18.01.2022ж

Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. Ұлдар мен қыздар арасындағы қарым –қатынасқа түсудің зияны.
2. От басып қалмашы, қазақ қызы!

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қыздар кеңесінің төрайым М.Сатымбекова өз сөзінде «Ел ұлымен берік, қызымен көрік» яғни қазақ халқы ұл дүниеге келгенде ел қорғайтын азамат туды деп мақтанып, масаттанады. Сондықтан да ұл баланы асқар тауға, алынбас қамалға, алмас қылышқа, қайратты бүркітке теңейді. Батырлардың көпшілігі ұлдардан шыққан. Қобыланды батыр, Алпамыс, Райымбек, Абылай, Сырым және т. б. Қыздардан шыққан батыр болса, халық оларды ер мінезді дейді. Ал қыз дүниеге келгенде елге, өмірге көрік берер қыз туды, деп мәз - мейрам болады. Өйткені қыз бала тән сұлулығымен ғана емес жан сұлулығының байлығымен өмірді мәнді де, сәнді етеді. Оларды гүлге, күнге, айға теңейді. Даналықтары ерлерден кем түспеген қыздар да жоқ емес. Мыс: Ұлдай хан, Қарашаш сұлу, Айша бибі, Домалақ ана және т. Б жақсылыққа теңейді деп түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша мектеп қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова өз баяндамасында қазақ халқында «Ағаш түзу өсу үшін көшет кезінде көмектесуге болады, үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Осындай ұстаныммен баланың бойында адамгершілік құнды қасиеттерді жастайынан сіңіруіміз қажет деп түсіндірді.

Қаулы етеді:

1.Қыздар жұмысы жандандырылсын.

2. Жақсы адамзат болуға ұмтылсын.

Қыздар кеңесінің төрайымы: М.Сатымбекова

Хатшы: А.Тоғысбай

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналысының

# ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 15.02.2022ж
Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. Ерте жыныстық қарым-қатынасқа түсудің зияны.
2. «Тазалық денсаулық кепілі»
3. «Буллинг пен зорлық – зомбылықтың алдын алу»

Тыңдалы:

Мектеп қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова жиналысты ашып күн тәртібімен таныстырды. Бірінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Г.Досбаева өз сөзінде қазіргі таңда өскелең ұрпақтың адам тәрбиесі мен қоғам тәрбиесіне болашақта ұлт ұлт тағдырын ойлайтын қоғамның мүшесі болуларына жағдай жасауымыз керек. Ерте жыныстық қарым-қатынасқа түсудің соңы неге әкеп соқтыратыны денсаулыққа қауіпті екенін түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Г.Досбаева өз баяндамасында «Тазалық тәртіп -басты талап» деп қыздарға жеке бас гигиенасы туралы және қыздардың бойындағы ерекше қасиет ана болу мәселесі жайында ашық түрде әңгіме жүргізіп көптеген кеңестер берілді.

Үшінші мәселе бойынша мектеп психологы Ф.Еспулганова «Буллинг пен зорлық зомбылықтың алдын алу» атты презентация мен бейнеролик арқылы жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықты болдырмау үшін қыздардан талап етілетін міндеттер мен алдын алу шараларын түсіндірді.

Қаулы етеді:

1 Қыздартың жеке бас тазалығы қолға алынсын.

2 Ерте жүктіліктен сақтану жолдары зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары қолға алынсын.

Қыздар кеңесінің төрайымы: М.Сатымбекова
Хатшы: А.Тоғысбай

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналыстың

# ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күн:17.03.2022ж
Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:
1.Ерте жыныстық қатынасқа түсудің зияны.
2.Тазалық денсаулық кепілі.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қыздар жиналысының төрайымы М.Сатымбекова жиналыстың бүгінгі тақырыбымен таныстырып өтті. Ерте жүктілік – кәмелет жасқа толмаған қыз баланың жүкті болуы. Ол адамның психологиясына, физиологиясына кері әсерін тигізетіндіктен, алдын алу шараларын барынша қолға алып, дұрыс ақпараттандыру жұмыстарын қарқынды жүргізу керек деп есептеймін. Оған алып келетін алғашқы себеп – отбасыда қыз балаға жыныстық тәрбиенің дұрыс берілмеуі. Қазақ отбасыларында көбінесе жыныстық қатынас пен жыныстық тәрбиенің ара-жігін дұрыс айыра білмейді. Ата-аналарға осы турасында айта бастасаң, сөзінді толық тыңдауға құлық танытпайды. Бұл – дұрыс емес. Ешқашан жыныстық тәрбиені жыныстық қатынаспен шатастырауға болмайтындығы жөнінде айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша мектеп мендбикесі Г.Досбаева «Тазалық денсаулық кепілі» тақырыбында оқушы қыздарға кеңес беріп айтып өтті. Адам өмірінде тазалықтың алар орны маңызды. Жаны таза адамның өмірге деген көзқарасы жарқын, ерекше болады. Тазалық әркезде де біздің жанымыздағы сенімді серігіміз болуы шарт.

Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналысының

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 21.04.2022ж
Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:
1.Жас өспірім қыздарды ерте жүктілікке бой алдырмау
2.Ерте жастағы жүктілік салдары
3. Қыздар мен сұрақ жауаптар өткізу

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қыздарға жас жеткіншіктер арасындағв ерте жүктіліктің алдын алу туралы мектеп медбикесі Г.Досбаева айтып өтті. Ерте жүктілік деп 13-19 жастағы болатын жүктілікті айтады. Осы уақытта қыз балаларда өтпелі жас кезеңі басталып, гормондық қайта құрылу жүреді. Қазіргі уақытта жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын алу тақырыбы өзекті мәселелердің катарында. ДДҰ мәліметтері бойынша, бала өлімінің негізгі себептерінің бірі - жүктілікті үзу және ерте босану. Ерте жүктіліктің негізгі прблемасы бұл жыныстық тәрбие туралы білімнің жеткіліксіз болуы, не болмаса тәрбиенің мүлдем жоктығы .

Екінші мәселе бойынша ер жүктіліктің қандай профилактикасы бар? Проблемамен күресудің ең үздік тәсілі- проблемадан сақтану. Жоспарланбаған жүктіліктен сақтанудың тәсілдері туралы ата-анамен жиі әңгімелесу керек.Жыныстық тәрбие туралы кітаптар оқу, видео роликтер көру.
Ерте жүкті болған қыздар білім алу мүмкіндігін жоғалтып, қоғамнан алшақтайды және олардың денсаулықтарына қауіп төнеді. Медициналық көрсеткіштер бойынша 19 жасқа дейінгі жүктілік ерте деп саналады. Жасөспірімдердің жүктілігі үшін ең көп таралған кезең – 15-17 жас аралығы. Дәрігерлер атап өткендей, тек он сегіз жасқа дейінгі қыздың денесі жеткілікті түрде қалыптасқан және бала көтеруге, тууға толық дайын. Ерте жүктіліктің салдарынан жасөспірімдердің 70% – ы жасанды түсік жасап, 15% - ы түсік тастайды деп түсіндірді.

Үшінші мәселе бойынша қыздардың әр түрлі сұрақ жауаптар өткізілді. Қыздар ерте жүктіліктің салдары жайында өз пікірлерін сұрақ жауаппен айтып талқылап өтті.

Қыздар кеңесінің төрайымы: М.Сатымбекова
Мектеп медбикесі: Г.Досбаева

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналысының

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 20.05.2022ж

Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1.Мектеп кезінде қызбаланың гигиенаға сай таза жүруі

2.Ерте жүктіліктің алдын алу және оның қызбаланың денсаулығына кері әсері

3. Қызың үйде, қылығы түзде

Тыңдалды:

Жиналысты мектеп психологы Ф.Еспулганова ашты. Ол өз сөзінде қыздардың тәртібіне аса мән беру, талапқа сай киіну мектептің ішкі тәртібімен жүру, тәртіпке, әдептілікке шақырды.
Ерте жүктіліктің қауіп-қатері, қызбала психологияға әсері жөнінде түсіндіріп өтті. ДТІЖО Б.Тұрлыбеков қыздар тәртібі үлкенді сыйлау мектепте және көпшілік ортада қыздар өздерінің жүріп-тұруына мән беру тәрбиелі болу, мектепке сай киіну керектігін айтып өтті.

Мектеп медбикесі Г.Досбаева «Ерте жүктілік және ерте жүктілік» тақырыбында баяндама оқыды. Ерте жүктілік немен қауіпті, ерте жүктіліктің нәтижесі, ерте жүктілік неге әкеліп соқтыруы мүмкін, ерте жүктіліктің алдын алу жолдары, түсіктен кейінгі асқынулар туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
Қыздар төрайымы М.Сатымбекова «Қызың үйде қылығы түзде» қыздар тәрбиесі, киінуі, әдептілікке және уақыттарын үнемі пайдаланып, сабақтарын көңілді бөлуге кеңес берді.

Қаулы етеді:

1. Қыздар кеңесі жұмысы жандандырылсын
2. «Қыздарға ұлттық тәрбие туралы» түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Қыздар төрайымы: М.Сатымбекова

Мектеп медбикесі: Г.Досбаева

Мектеп психологы: Ф.Еспулганова